

Э.Б. Сулейманова^{1*}, Р.С. Рахметова²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: elmirakaz99@mail.ru)

¹ORCID 0009-0005-3883-1111

²ORCID 0000-0002-8526-3381

Оқушылардың тілдік құзыреттілігін бағалауда мақал-мәтелдерге негізделген диагностикалық әдістер

Мақалада орта мектеп оқушыларының тілдік құзыреттілігін ғылыми тұрғыдан бағалау мәселесі қарастырылған. Дәстүрлі әдістерде тілдің формальды қырларын ғана өлшейтіндіктен, астарлы мағынаны тану, прагматикалық сәйкестендіру және мәдени мәнді ұғыну секілді қабілеттер назардан тыс қалады. Зерттеудің мақсаты — мақал-мәтелдерге негізделген диагностикалық әдісті құрастырып, оның жас ерекшелігіне сезімталдығын, контекстілік қолдаудың әсерін және қысқа мерзімді педагогикалық араласудың ықпалын дәлелді түрде сипаттау. Зерттеу тәжірибесінде квази-эксперименттік pre-post дизайн; оқу бағдарламасына сәйкес іріктелген мақал-мәтелдер негізіндегі бес тапсырма форматы (мағынаны өз сөзімен түсіндіру; жағдаятқа сәйкестендіру; толықтыру; мағыналық балама; шығармашылық жазылым); рубрикалық бағалау және сарапшылардың жасырын тексеруі; сапалық контент-талдау және қателер типологиясын жасау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде сынып жоғарылаған сайын астарлы мағынаны түсіну, прагматикалық сәйкестендіру және формулалық бірліктерді қалпына келтіру дағдылары тұрақты түрде нығайды; контекстпен ұсынылған тапсырмаларда, әсіресе кіші жастағыларда, түсіну айқын жақсарады; типтік қиындықтар ретінде сөзбе-сөз интерпретация, паремиялық шатастыру және формулалық құрылымды аяқтай алмау анықталды; қысқа, бірақ жүйелі микроблоктар (мақал-мәтелді бірлесіп талдау, жағдаятқа қолдану, рефлексивті кері байланыс) оқушылардың өнімді қолдану дағдыларын күшейтеді. Демек мақал-мәтелдерге негізделген диагностика семантикалық түсіну, прагматикалық қолдану және фразеологиялық репертуарды бір мезгілде бағалайтын, интервенцияға жауап беретін, мәдениетке жауапты өлшеу құралы ретінде ғылыми және практикалық маңызы жоғары; оны жүйелі енгізу тілдік құзыреттілікті кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, тіл, тілдік құзыреттілік, прагматикалық құзырет, фразеологиялық қор, диагностикалық бағалау, pre-post дизайн, интервенция.

Kipicne

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту және бағалау ерекше маңызға ие. Қазақстанның жаңартылған оқу бағдарламаларында білімді бағалау құзыреттілікке негізделген жаңа тәсілдерге көшуде.

Тілдік құзыреттілік дегеніміз — тілдің барлық деңгейлеріндегі бірліктерді меңгеру, кез келген сөйлеу құрылымын түсініп құрастыру үшін қажетті ережелерді білу қабілеті [1; 44]. Яғни, оқушының сөздік қоры мен грамматикалық білімі ғана емес, тілді нақты коммуникативтік жағдаяттарда дұрыс қолдана білуі бағаланады. Мұндай құзыреттілікті дәл диагностикалау үшін стандартты тест, бақылау жұмыстарымен қатар балама әдістерді пайдалану қажеттігі туындайды. Солардың бірі — мақал-мәтелдерге негізделген диагностикалық әдістер.

Халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан даналығы саналған мақал-мәтелдер — оқу процесінде тек тіл көркемдігі үшін емес, оқушының тілдік және танымдық қабілеттерін тексеруде тиімді құрал бола алады [2; 293]. Мақал-мәтелдер арқылы оқушының сөз байлығы, ауыспалы мағынадағы сөздерді түсінуі, тұспал мен астарлы ойды ұғыуы айқындалады.

Мақал-мәтелдер — халықтың өмірлік тәжірибесінен сұрыпталған қысқа да нұсқа, поэтикалық жанрлық даналық сөздер. Қазақ халқында мақал мен мәтел ғасырлар бойы тәрбие құралы ретінде пайдаланылып келген, олар арқылы халқымыз өз ұрпағына өнеге мен өсиет қалдырған. Ғалымдардың анықтамасы бойынша, мақал-мәтелдер — халық даналығының айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы, аз сөзге көп мағына сыйғызған өсиет сөздер [3; 3]. Мәселен, қазақта *«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні»* деп, ұзақ әңгімеден шығатын қорытындыны бір-ақ мақалмен түйіндеуге болатынын айтады. Шынында да, мақал-мәтелдер терең мазмұнды ойды бірнеше сөзбен жеткізе алады, күрделі құбылысты ұғымға жеңіл түрде түсіндіреді [4; 351].

Мақал көбіне екі бөлімді болып, бірінші тармағында пайымдау, соңында қорытынды кеңес немесе тұжырым айтылады; ал мәтелде түйін ашық айтылмай, астарлы мағынада тұспал жасалады. Екеуі де бейнелі ойды, аллегория мен метафораны қамтиды, сондықтан оларды түсіну үшін тілдің тура мағынасын ғана емес, ауыспалы мағынасын да меңгеру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдерді білу және орынды қолдану оқушының лингвистикалық қана емес, прагматикалық, мәдениетаралық құзыреттілігінің де көрсеткіші болмақ [5; 210]. Демек, мақал-мәтелдер тіл үйренушінің идиомалық сөйлеу дағдыларын дамытып, сөйлеуді жандандыра түседі, ойды әртүрлі сөздермен жеткізуге үйретеді, сөйтіп коммуникацияны шынайы және бейнелі етеді [2; 294]. Мысалы, шетел тілін оқыту әдістемесінде мақал-мәтелдерді қолдану монологтік, диалогтік сөйлеуді жандандырып, оқушылардың бір ойды түрлі тіркестермен жеткізу қабілетін арттыратыны айтылған [6; 200].

Тілдік құзыреттілік ұғымы тілдің грамматикасын, лексикасын білуімен қатар, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) тілдік бірліктерді дұрыс әрі тиімді қолдана алу қабілетін қамтиды [7; 70]. Мақал-мәтелдер осы құзыреттіліктің бірнеше қырын дамытуға септігін тигізеді. Біріншіден, оқушылар мақал-мәтелдер арқылы сөздік қорын молайтады, сирек қолданылатын көне сөздермен, тұрақты тіркестермен танысады. Екіншіден, сөйлеу мәдениеті қалыптасады, яғни ойды көркем де қысқа жеткізу, дәл мәнін беру дағдысы жетіледі. Үшіншіден, мақал-мәтелдер танымдық қабілеттерді, әсіресе ойдың астарын түсіну, абстрактілі ойлау, салыстыру сияқты когнитивтік дағдыларды дамытады. Мақал-мәтелдерді үйрену барысында оқушылар бейнелі ойлауға, тұрмыс-тіршіліктен алынған құбылыстарды тұспалдап жеткізуге жаттығады. Сонымен қатар мақал-мәтелдер мәдениетаралық коммуникацияда маңызды рөл атқарады. Әр халықтың мақалында сол жұрттың дүниетанымы мен өмір тәжірибесі көрініс табады. Мысалы, қазақ мақалдары арқылы жастар үлкенді сыйлау, ерлік пен намыс, еңбекқорлық тәрізді ұлттық құндылықтарды сіңіреді. Демек, оқу үдерісінде мақал-мәтелді қолдану оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Мақал-мәтелдерді тек көркем сөз ретінде ғана емес, оқыту мен бағалау құралы ретінде де қолдануға болады. Педагогикалық тұрғыда оларды сабақта әртүрлі тәсілдермен пайдалану мүмкін. Мысалы, белгілі бір тақырыпқа сай мақал тауып айту, мәтін мазмұнына сәйкес мақал құрастыру, мазмұндама соңында қорытынды ретінде мақалды пайдалану, т.б. Осындай жұмыс түрлері оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Ал диагностикалық мақсатта мақалдарды қолдану — оқушының тілдік құзыреттілігін тереңірек тексеруге мүмкіндік береді.

Психология саласында бұрыннан белгілі «мақалды түсіндіру әдістемесі» интеллектуалдық даму деңгейін анықтауға қызмет етеді [8; 20]. Егер білім алушы жасырын мағынаны түсінбей, мақал сөздерді тек сөздік мағынада қайталай берсе, бұл оның абстрактілі ойлауының жеткілікті дамымағанын көрсетеді [9; 84]. Мәселен, белгілі психологтар Б. Зейгарник [10] пен С. Рубинштейн [11] ұсынған әдістеме бойынша сыналушыға бірнеше мақал айтқызып, мағынасын түсіндіру сұралады, сол арқылы оның жалпылау, тұжырымдау қабілеті бағаланады. Егер оқушы мақалды тура мағынасында түсіндірсе, яғни астарлы ойды аңғара алмаса — бұл оның тілдік әрі логикалық құзыретінде олқылық барын білдіреді. Сондықтан мектепте мақал-мәтелдерді диагностикалық тапсырмаларға қосу арқылы мұғалім оқушының бейнелі сөзді түсіну дәрежесін анықтай алады.

Шетелдік зерттеулер де фразеологизмдер мен мақалдарды түсіну тілдік дағды мен оқу сауаттылығының маңызды индикаторы екенін дәлелдейді. Мысалы, Ниппольд және әріптестері жүргізген зерттеуде 4-8-сынып аралығындағы 240 оқушыға мәтін ішінде берілген мақалдардың

мағынасын түсіну тапсырылған. Нәтижесінде, контекст көмегімен 4-сынып оқушыларының өзі мақалдардың астарлы мәнін дұрыс ұғына алғаны анықталды, әрі сынып жоғарылаған сайын нәтиже тұрақты түрде жақсара түскен. 8-сыныпқа қарай көпшілік оқушылар мақалдарды дербес түсіндіре алатындай деңгейге жеткен. Бұл жас өсуімен бірге тілдік және логикалық қабілеттер де дамитынын, мақал-мәтелді түсіну сол дамудың бір өлшемі боларын көрсетеді. Сондай-ақ оқушылардың мақалдарды түсіну көрсеткіші олардың жалпылама аналогиялық ойлау тестісіндегі көрсеткішімен өзара байланысты болғаны айтылады [12; 28]. Демек, мақал-мәтелдермен жұмыс оқу сауаттылығы мен жалпы ой-өріс туралы да құнды ақпарат бере алады.

Кейбір ғалымдар белгілі бір тілдің тұрақты мақал-мәтелдерінің жиынтығын «паремиологиялық минимум» ретінде анықтап, оны меңгеру тілдік тұлғаның сөздік қорының көрсеткіші деп санайды. Мысалы, орыс тіл білімінде оқушылар игеруі тиіс негізгі мақал-мәтелдердің тізімі құрастырылып, оны меңгеру деңгейі арқылы тілдік құзыреттілікті бағалау ұсынылғаны белгілі [13; 263].

Осы теориялық негіздер мақал-мәтелдерге сүйенген диагностикалық әдістемелерді құруға тірек болады. Зерттеу барысындағы әдістеменің негізгі мақсаты — 5-7-сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін (лингвистикалық, коммуникативтік және танымдық аспектілерін) бағалау үшін мақал-мәтелдерді қолдану. Мұнда оқушылардың мақал-мәтелдерді түсіну, қолдану, мағынасын талдау қабілеттері тексеріледі. Бұл дәстүрлі тестілерді толықтыратын альтернативті диагностика құралы болмақ.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу эксперименттік pre–post дизайнда жүргізілді. Яғни, бастапқы диагностика, төрт аптаға созылған қысқа кіріктірілген интервенция және қорытынды диагностика. Қатысушылар — қазақ тілінде оқытатын орта мектептің 5–7-сынып оқушылары (N=75; әр сыныптан 25). Іріктеу қолайлылыққа негізделген стратификация арқылы іске асырылды. Материал ретінде оқу бағдарламасына және жас ерекшелігіне сай, өмірлік тәжірибеге жақын 20 қазақ мақал-мәтелі іріктелді (оқу-білім: «*Оқу инемен құдық қазғандай*», «*Оқыған озады*»; еңбек: «*Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей*»; достық/қарым-қатынас: «*Досы көпті жау алмайды*», «*Дос жылатып айтады...*»; тәрбие, әдеп: «*Әдепті бала — арлы бала*», «*Үлкенге — құрмет, кішіге — ізет*»; мінез-құлық/жауапкершілік және т.б.); сирек/көнерген лексемалар үшін түсіндірме сөздікпен жұмыс жасалды [14].

Диагностикалық құрал мақал-мәтелдерге негізделген бес тапсырма типінен құрастырылды және тілдік құзыреттіліктің семантикалық, прагматикалық, фразеологиялық-реконструктивтік қырларын кешенді өлшеуге бағдарланды: (1) оқушының астарлы мағынаны өз сөзімен түсіндіруі (айтылым/жинақтау); (2) жағдаятқа сәйкестендіру (прагматикалық қолдану, контекст тану); (3) толықтыру (мақалдың басы/соңын қалпына келтіру — фразеологиялық қор); (4) мағыналық балама (семантикалық ұқсастық/дәлдік); (5) шығармашылық қысқа жазылым (прагматикалық және дискурстық құзырет).

Тапсырмалар коммуникативтік құзыреттілік тұғырындағы грамматикалық, социолингвистикалық, дискурстық және стратегиялық компоненттерді тұтас тексеруге бейімделді [15], ал жағдаяттық сәйкестендіру мен өнімді жазылым CLT/TBLT қағидаттарына сүйеніп, шынайы тілдік әрекетке ұқсас автентикалық міндеттер арқылы ұйымдастырылды [16].

Астарлы мағынаны интерпретациялау Grice-тің кооперация қағидасы мен импликатура теориясы [17] және Relevance Theory инференциясы [18] арқылы негізделіп, мақалдың метафоралық табиғатын түсіндіруде концептуалды метафора тұжырымдары пайдаланылды.

Интервенция құрылымында қысқа «микро-сабақтар» оқушының жақын даму аймағын ескеріп, мағынаны бірлесіп құрастыруға арналған тіректік оқыту тәсілдерімен жүргізілді.

Жас ерекшелігімен байланысты абстрактілі ойлау мен аналогия дамуы туралы психолингвистикалық деректер тапсырмаларды сыныптарға қарай күрделендіруді негіздеді [12].

Бағалау 0–2 балдық рубрикамен іске асырылды: 2 — толық/дәл/нормативті жауап және дәлел; 1 — ішінара толық (ұсақ тілдік-логикалық олқылықтармен); 0 — қате/сәйкессіз/жоқ. Жабық форматта дұрыс жауап пайыздары есептелді; ашық жауаптар екі тәуелсіз бағалаушымен blind тәртіпте тексеріліп, келіспегенде үшінші сарапшы тартылды.


Нәтижелер негізінде «мақал-мәтелдік құзыреттілік индексі» (ММКИ) z-стандарттау арқылы құрастырылды; қосымша семантикалық түсіну, прагматикалық қолдану, фразеологиялық-реконструктивтік ішкі индекстер есептелді:

- Процедуралық түрде pre-test бір сессияда (≈35–40 мин.) өткізілді;

- Интервенцияда аптасына 1 рет 15 минуттық блок (мағынаны бірлесе талдау, жағдаяттық қолдану, кателерді түзету, сөздік жұмысы) енгізілді;
- Post-test мазмұндас параллель формада алынды; тапсырмалар реті жүйеленіп берілді, тестілеу жеке орындалды, мұғалім әсері бірізді нұсқаулық пен бірдей материалдармен шектелді.
- Статистикалық талдау үшін сипаттамалық көрсеткіштер (M, SD, Me, %), нормалдық (Shapiro–Wilk) және дисперсия теңдігі (Levene) тексерілді;
- Шарттар орындалса — бір факторлы ANOVA және Tukey HSD, орындалмаса — Kruskal–Wallis H және Dunn–Bonferroni; интервенция әсері үшін жұптасқан t-тест немесе Wilcoxon signed-rank, әсер өлшемдері Cohen's d / r / η^2 ; $\alpha=0,05$, 95 % сенім аралықтары;
- Есептеулер R/Python немесе SPSS ортасында орындалды.

Этнопедагогикалық мазмұнды кіріктіру ұлттық-мәдени қырды ескеріп, тілдік құзыретті мәдени артефакт арқылы бағалау идеясымен ұштасады [14].

Диагностикалық әдістеме бірнеше бөліктен тұрады, әртүрлі тапсырмалар арқылы оқушының мақалмен жұмысына жан-жақты баға беріледі (1-сурет):



1-сурет. Мақал-мәтелдерге негізделген диагностикалық тапсырмалар

Көрсетілген тапсырма түрі бойынша рубрикалар жасалды. Мысалы, мағынаны түсіндіруде 3 балл — терең әрі дұрыс талдау, 2 балл — жалпы дұрыс, бірақ толық емес түсіндіру, 1 балл — қате немесе өте үстірт түсіндіру. Сәйкестендіру тапсырмаларында пайыздық көрсеткішке немесе дұрыс жауаптар санына қарай бағалауға болады. Жинақтап келгенде, әр оқушы бойынша барлық тапсырмадан алынған балл оның сауаттылық деңгейін көрсетеді. Бұл деңгейдің жалпы тілдік құзыретпен өзара байланысы талдау бөлімінде қарастырылады.

Әдістемені сынақтан өткізу үшін қала мектептерінің біріндегі 5, 6, 7-сынып оқушыларынан шағын топ (әр сыныптан 25 оқушы, барлығы $N = 75$) таңдап алынды. Сынақ алдында барлық оқушылардың жасына, жалпы үлгеріміне қатысты мәліметтер жинақталды. Эксперимент екі кезеңде өтті:

1. Алдымен оқушыларға жоғарыдағы тапсырмалар беріліп, диагностикалық тест ретінде орындалды;
2. Кейін нәтижелер талданып, кейбір сыныптарда 4 апта бойы мақалды танытуға бағытталған шағын сабақтар өткізілді (аптасына бір рет 15 минуттық кіріктірілген жаттығу).
3. Соңында қайта бақылау жұмысы жүргізіліп, алғашқы және соңғы көрсеткіштер салыстырылды.

Нәтижелер мен оларды талдау

Нәтижелер мақал-мәтелдерге негізделген диагностика арқылы өлшенген тілдік құзыреттіліктің өзара байланыста қалай көрінетінін ашады. Талдау коммуникативтік-прагматикалық көзқарасқа сүйенеді, яғни оқушының «мағына жасау» қабілеті тек лексика-грамматикамен емес, инференция, контексті тану және дискурстық сәйкестік арқылы қалыптасады. Осы тұрғыдан, зерттеу нәтижелері даму логикасын, контекстің рөлін, қателердің дидактикалық мағынасын және интервенцияның ықпалын тұтас шеңберде көрсетеді.

Келесі кестелерде (1, 2, 3, 4-кестелер) осы тұжырымдар дәлелденіп, нақты көріністері (жалпы динамика, контекстің әсері, қате профилі, интервенция ықпалы) айқындалады.

1 - кесте

**Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру тапсырмасы бойынша алғашқы
диагностикалық бағалау нәтижелері (0–10 балл шкаласы)**

Сынып	n	Орташа дұрыс жауап (0–10)	Дұрыс жауап, %	5-сыныпқа салыстырмалы Δ (балл)	Белгі
5-сынып	5	5,8	58,0	-	-
6-сынып	5	7,1	71,0	+1,3	-
7-сынып	5	8,3	83,0	+2,5	+

Ескертпе:

1) Орташа мәндер 0–10 шкаласында; пайыз = $(орташа/10) \times 100$.

2) Бір факторлы талдау және жұптық салыстыру нәтижелері бойынша 7-сынып пен 5-сынып арасында айырмашылық өте мәнді: $p < 0,01$ (*).

3) n = әр сыныптағы қатысушылар саны (25).

5-7-сынып бойынша мақал-мәтелдерге негізделген тапсырмаларды орындау нәтижелері оқушылардың жас ерекшелігіне қарай айтарлықтай айырмашылық бар екенін көрсетті. Жалпы алғанда, жасы кіші оқушылардың нәтижелері төменірек, ал жоғарғы сыныпқа қарай көрсеткіш біртіндеп жақсарады. Мысалы, 5-сынып оқушылары мақалдардың мағынасын түсіндіру тапсырмасында орта есеппен 10 мүмкіндіктен 5,8-дей дұрыс жауап берсе, 6-сыныпта бұл көрсеткіш ~7,1-ге, 7-сыныпта ~8,3-ке көтерілді (яғни, 5-сынып шамамен 58 % дұрыс, 7-сынып 83 % дұрыс деңгейде). Осылайша, сынып жоғарылаған сайын мақал-мәтелді түсіну қабілеті артады деп қорытынды жасауға болады, бұл бұрынғы зерттеулермен де сәйкес келеді [19; 538]. Статистикалық өңдеу нәтижесінде 5-сынып пен 7-сынып көрсеткіштері арасында айырмашылықтың өте мәнді екені анықталды ($p < 0.01$).

2 - кесте

Контекстің әсері (5-сынып мысалы): мақал-мәтел мағынасын түсіну нәтижелері

Сынып	Тапсырма жағдайы	n	Дұрыс жауап, %	Абс. айырма, п.т.	Ескертпе
5-сынып	Контекст жоқ (жалаң мақал)	25	40	–	Мысал: «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам»
5-сынып	Контекст бар (жағдаят берілді)	25	70	+30	Оқиға сипаттамасы беріліп, сәйкес мақалды таңдау

Ескертпе:

1) Дерек 5-сыныптың үлгілік тапсырмасы бойынша көрсетілген; n — қатысушылар саны (25).

2) Абс. айырма п.т. = контекст бар (%) – контекст жоқ (%). Бұл мысалда жақсарту +30 пайыздық пункт.

Тапсырмалар арасында мақал-мәтелдер белгілі бір ситуацияда берілгенде (контекспен) оқушылар жақсырақ орындады. Мысалы, 5-сыныпта жалаң мақалды түсіндіруден гөрі өмірлік жағдаятпен ұштастыра бергенде, дұрыс жауап пайызы жоғары болды (мәселен, «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» мақалы жеке берілгенде 5-сыныпта 40 % түсінсе, ал «бір оқушы үнемі өтірік айтып ұсталды» деген оқиға сипатталып, сәйкес мақалды таңдауда 70 %-ы дұрыс тапты). Контекстілік қолдау әсіресе кіші жастағыларға көмектесетіні бұрын да зерттелген. Ниппольд (1988) зерттеулерінде 4-сынып оқушылары контекст берілсе, мақалдың астарлы мағынасын күтпегендей жақсы түсінгені аталған [12; 28].

3 - к е с т е

**Мақал-мәтел мағынасын түсіндіруде байқалған типтік қиындықтар
және ұсынылған педагогикалық шешімдер**

Қате/қиындық түрі		
Сөзбе-сөз интерпретация		
Қысқаша сипаттама		
Мақалды сөзбе-сөз түсіндіру, астарлы ойды аңғармау		
Мысал (оқушы жауабы)	Индикатор (нені көрсетеді)	
«Тауықтың түсіне тары кірер» → «тауық түс көреді, жемі тары»	Астарлы мағына/инференция дағдысы әлсіз; бейнелі тіл	
Ұсынылған интервенция	Жиілігі, % (5/6/7/	Ескертпе
Жетекші сұрақтар, контекст қосу; қарама-қарсы мысал; концептуалды метафораны түсіндіру	48/32/20/36	Кіші жаста жиі; контекст көмектеседі
Парамиологиялық шатастыру (ұқсас құрылымдарды алмастырып айту)		
Антонимдік/парадокс формалы мақалдарды шатастыру		
«Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» ↔ басқалармен алмастыру	Сыртқы құрылымға тәуелділік; семантикалық дискр. әлсіз	
Салыстырмалы талдау матрицасы; мини-мал жұптар; қайталау (retrieval practice)	34/26/22/28	Құрылымдық ұқсастықты ажырату жаттығулары қажет
Формуланы аяқтай алмау (құрылымдық толықтырма)		
Мақалдың тұрақты соңын ұмыту/қайта қалпына келтірмеу		
«Білетінің бір тоғыз... (тоқтап қалады)»	Фразеологиялық қор; ерікті/ерікті емес	
Cloze-тест, аралық қайталау (spaced repetition), chunking	38/29/24/31	Жаттығу жиілігі артқанда азаяды

Ескертпе:

Жиілік — кемінде 1 рет осы типке жататын қате жіберген оқушылар үлесі; формат 5-сынып/6-сынып/7-сынып/жалпы (%).

Оқушылардың жауаптарын сапалық тұрғыда талдағанда бірнеше типтік қиындықтар айқындалды. Біріншіден, кейбір оқушылар мақалды құрамындағы бір сөздің тура мағынасына байланып қалған. Мысалы, «Тауықтың түсіне тары кірер» дегенді бір бала тура мағынасында «тауық түс көреді, түсінде көретіні тары, өйткені жемі ғой» деп түсіндірген. Бұл оның астарлы «кімге не керек,

соны ойлайды» деген негізгі ойды жөнді аңғармағанын көрсетеді. Екіншіден, антонимдік немесе парадокс формалы мақалдарды шатастыру байқалды. Мысалы, «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» деген мәтел мен «Тойсаң — тәубе ғыл», «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деген мақалдардың мағынасын ауыстырып алғандар болды. Бұл жерде оқушыларға ұқсас құрылымды, бірақ мағынасы әртүрлі мақалдарды салыстыра үйрету қажеттігі туындайды. Үшіншіден, кейбір оқушылар тұжырымды соңына дейін жеткізбей қояды. Мысалы, «Білетінің бір тоғыз...» деп бастап, ары қарай «...білмейтінің тоқсан тоғыз» екенін білмей қалды. Бұл жаттығу аздығынан немесе мақалмен алғаш ұшырасуынан болуы мүмкін.

4 - к е с т е

Интервенция нәтижелері: pre–post салыстыру (қысқа кіріктірілген блок, 4 апта)

Сынып	n	Pre (M)	Post (M)	Δ (балл)	Δ , %	D (pre)	D (post)	Paired t(df)	p / d
5-сынып	5	5,8	6,1	+0,3	+5,2 %	1,7	1,6	t(24)=1,38	p=0,18 / d=0,27
6-сынып (интервенция)	5	6,8	8,1	+1,3	+19,1 %	1,9	1,6	t(24)=3,45	p=0,002 / d=0,70
7-сынып	5	8,3	8,5	+0,2	+2,4 %	1,4	1,3	t(24)=1,20	p=0,24 / d=0,24

Ескертпе:

1) Шкала 0–10; пайыз = $(\Delta/Pre) \times 100$. 6-сыныпта интервенция енгізілді; 5 және 7-сыныптарда — кәдімгі оқыту.

2) Paired t — t-тест; d — Cohen's d (paired). Маңыздылық шегі $\alpha=0,05$.

3) 6-сыныпта әсер статистикалық мәнді ($p=0,002$), орташа әсер шамасы ($d \approx 0,70$).

Төрт апталық шағын жұмыс барысында мұғалімдер 6-сыныптың бір параллелінде әр сабақта 5-7 минутты мақал-мәтел талдауға арнап отырды: мағынасын бірге ашу, өмірден мысал келтіру, оқушыларға өз сөзімен жеткіздірту сияқты шағын жаттығулар жасалды. Екінші бақылау тестінде осы сынып оқушыларының нәтижесі алғашқыға қарағанда едәуір жақсарды: орта балл 10-нан 6,8-ден 8,1-ге көтерілді ($\approx 19\%$ өсім). Әсіресе бұрын қателескен жерлерінде түзеліс байқалды, мысалы көп оқушы алғашында «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» мақалының мағынасын түсінбеген еді, аралық жұмыстан соң 80 %-ы дұрыс жауап берді. Бұл мақал-мәтелдерді жүйелі оқыту мен талқылаудың тиімділігін дәлелдейді. Өзге, аралас сыныптар арасында да мақалдармен жиі жұмыс жасайтын сыныптардың жалпы тіл сабақтарындағы белсенділігі артқаны мұғалімдердің бақылауы бойынша атап өтілді. Мақалдарды интеграциялау оқушылардың сөздік қоры мен грамматикалық біліміне қоса, сын тұрғысынан ойлау және мәдениетаралық түсінігін де арттырғаны анықталды (4-кесте).

Мақал-мәтелге негізделген диагностика оқушының тілдік құзыретінің бірнеше құрамдас бөлігін ашып көрсетті. Атап айтқанда:

Лексикалық білім: кейбір оқушылар мақалдағы көнерген немесе сирек сөздерге (мысалы, «кұрық», «қыңыр», «тұтам») тоқталды, мағынасын сұрады. Бұл олардың сөздік қоры шектеулі тұстарын аңғартты. Осы арқылы мұғалім қандай сөздермен жұмыс істеу керектігін белгіледі.

Грамматикалық түсінік: мақалдар көбіне қысқа құрмалас сөйлемдерден тұратыны белгілі. Оқушылардың жауаптарынан кейде грамматикалық құрылымды түсінбеу байқалды (мысалы, «кімге? неге?» деген рөлдік бөліністі шатастыру). Демек, синтаксистік құрылымды ұғыну деңгейі де көрінді.

Прагматикалық дағды: оқушы мақалдың астарлы мағынасын өз сөзімен түсіндірсе немесе дұрыс жағдайға қолдана алса, оның тілдік нұсқаларды коммуникативтік мақсатқа сай қолдану қабілеті жоғары деуге болады. Біздің диагностикалық тапсырмалар осы прагматикалық құзыреттілікті бағалауға көмектесті. Мәселен, бір оқушыға «Өтірік өрге баспайды» мақалы беріліп еді, ол сыныптағы бір оқиғаны мысалға келтіріп, «өтірік айтқан бала ақыры ұятқа қалды, яғни осы мақал дәл келді» деп түсіндірді. Бұл оның тілді өмірлік мысалмен ұштастыра білетінін көрсетті.

Тестілеуден кейін шағын сауалнама жүргізіліп, оқушылар мен мұғалімдерден осындай әдіс туралы пікір жиналды. Оқушылардың басым бөлігі тапсырмалардың қызық болғанын, кей тапсырма ойын сияқты өткенімен келіскен. Әсіресе «жағдаятқа сәйкес мақалды табу» және «мақалдың жалғасын табу» ойын түрінде қабылданған. Кейбірі алғаш рет естіген мақалдарын үйренгенін айтса, тағы біразы мағыналарын аша алмай қиналғандарын мойындады. Мұғалімдер бұл әдіс арқылы бірнеше пайдалы ақпарат алғанын атап өтті. Қай оқушының тілдік түйсігі жоғары, ал қайсысына бейнелі ойды түсіну қиын соғатыны көрінді. Сондай-ақ, оқушылардың халық ауыз әдебиетіне қызығушылығы оянганы, тіпті сабақтан кейін өзара жаңылтпаш, мақал айтып жарысқаны туралы да дерек болды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері мақал-мәтелдерге негізделген диагностикалық әдістердің тиімділігін және перспективалылығын көрсетеді. Ең алдымен, бұл әдіс оқушылардың тілдік құзыреттілігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретіні айқындалды. Дәстүрлі грамматикалық тест немесе мәтіндік тапсырмалар көбіне тілдің бір қырын ғана тексерсе, мақал-мәтелдер оқушының сөздік қоры, фразеологиялық сауаты, астарлы мағынаны түсіну, коммуникативтік жағдайды пайымдау қабілеттерін тұтас қамтиды.

Эксперимент көрсеткендей, 5-7-сынып оқушылары үшін мақал-мәтелдерді түсіну — әлі де қалыптасу үстіндегі дағды. 5-сыныпта көптеген бала мақалдарды алғаш рет естіп, мағынасын жаңа ұғына бастайды. Бұл кезеңде контекстуалдық қолдау, мұғалімнің бағыттауымен түсіндіру көп көмектеседі. Ал 7-сыныпқа қарай оқушылардың когнитивтік деңгейі өсіп, абстрактылы пайымдауы жетілген сайын, мақал-мәтелдерді өз бетімен тез ұғып, тілде қолдана алатын дәрежеге жақындайды. Ерте жасөспірім кезеңінде ғана балалардың көпшілігі ауыспалы мағынадағы фразеологизмдерді толық түсіне бастайды. Сондықтан 5–7-сыныптарда мақал-мәтелдерді оқыту әрі олармен диагностика жүргізу — оқушының сол күрделі деңгейге өту процесін жеңілдетуі мүмкін. Оқушылар мақалдарды көп естіген сайын, оларды саналы түрде талдап үйренген сайын, кейінгі сыныптарда идиомалық тілді меңгеруі тезірек болмақ.

Тағы бір маңызды аспект — прагматикалық құзыреттілік. Тілді тек біліп қана қою жеткіліксіз, оны қарым-қатынаста тиімді қолдану қажет. Мақал-мәтелдер осыны үйретудің табиғи құралы екені анықталды. Біздің зерттеуде оқушыларға мақалдың қолданылатын орны мен жағдаятын түсіну тапсырмасы берілді. Мұнда жақсы нәтиже көрсеткендер расында өмірлік жағдайларды дұрыс саралап, тілдік бірлікті орнына жұмсай алатындар болып шықты. Бұл — коммуникативтік қабілеттің белгісі.

Әдістемеміздің тағы бір құнды жағы — оның мотивациялық әсері. Оқушылар стандартты тест тапсырмаларына қарағанда мақал-мәтелдермен жұмысқа қызыға түсті, бойында жарысу рухы оянды. Демек диагностика құралы болуымен қатар, мақал-мәтелдер оқуға ынталандыратын да құрал болады. Зерттеу интерактивті жаттығулардың тиімді екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, кейбір шектеулер мен алдағы міндеттерді де атап өткен жөн. Біріншіден, біздің эксперимент қамтыған оқушылар саны шектеулі (75 оқушы) және ол бір ғана мектептің негізінде жүргізілді. Сондықтан нәтижелерді жалпылағанда абай болу керек. Екіншіден, пайдаланылған мақал-мәтелдер тізімі 20 бірлікпен шектелді, өзге тақырыптағы немесе өңірлік ерекшеліктегі мақалдарды қосқанда оқушылардың көрсеткіші өзгеруі мүмкін. Үшіншіден, бағалау белгілі дәрежеде субъективті болды (әсіресе ашық жауаптарды бағалауда). Болашақта бағалау критерийлерін одан әрі нақтылап, мүмкіндігінше автоматтандырылған тест нұсқаларын жасауға болады.

Соған қарамастан, негізгі үрдістер анық байқалды және олар әдебиеттегі деректермен үйлесім тауып отыр. Алдағы уақытта зерттеуді кеңейтіп тандау, әртүрлі өңір мектептерін қосу, сондай-ақ бақылау тобын енгізу жоспарланады. Мәселен, мақал-мәтелдермен арнайы жұмыс істемеген сыныптармен салыстырып, бұл әдістеменің ұзақ мерзімді ықпалын (тіл үйренудегі жетістікке әсерін) бағамдау қызықты болмақ. Сонымен бірге мақал-мәтелдер арқылы тек қазақ тілін емес, әдебиет, тарих сабақтарында да пәнаралық біліктілікті дамыту мүмкіндіктері бар, бұл да бөлек зерттеу нысаны.

Қорытынды

5-7-сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін бағалауда мақал-мәтелдерге негізделген диагностикалық әдістерді қолдану — тиімді де мазмұнды тәсіл екендігі теориялық талдау мен практикалық эксперимент арқылы негізделді. Мақал-мәтелдер оқушылардың тілдік дағдыларын тексерудің өзіндік индикаторы бола алады, себебі олар баланың сөз байлығын, грамматикалық

түсінігін, бейнелі ойлау деңгейін және тілдік шығармашылығын бірдей сынайды. Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымдар жасалды:

– Мақал-мәтелдерді түсіну қабілеті жас өскен сайын дами түседі. 5-сынып оқушыларының едәуір бөлігі мақалдардың астарлы мағынасын толық аңғара алмауы мүмкін, алайда 7-сыныпта көпшілік оқушылар негізгі мәнін түсініп, өмірде қолдана алатын деңгейге жетеді. Бұл тілдік құзыреттілік пен когнитивтік дамудың өзара байланысты үдеріс екенін көрсетеді.

– Диагностикалық әдіс ретінде мақал-мәтелдер тиімділігі контекстілік тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстарда көрінді. Оқушылар белгілі бір жағдаятқа сай мақал тауып, мағынасын дәлелдей алса — оның коммуникативтік құзыреті жоғары деген сөз. Біздің әдістеме осындай икемділікті тануға мүмкіндік берді. Мысалы, прагматикалық дағдысы күшті оқушылар мақалдарды орынды жерінде қолдана білді.

– Мақал-мәтелдерге негізделген бағалау оқушылардың қызығушылығын арттырады. Стандартты тестке қарағанда, балама форматтағы бұл тапсырмалар ойын түрінде өтіп, оқушыны ынталандырды. Сол арқылы тек диагностика емес, оқу мотивациясын көтеру міндеті де шешіледі. Оқушылардың көпшілігі бұл жұмысты ұнататынын білдірді, яғни әдістеменің тәрбиелік-психологиялық әсері де оң.

– Оқу үдерісінде мақал-мәтелдерді мақсатты қолдану нәтижеге әсер етеді. Егер мұғалімдер сабақ барысында жоспарлы түрде мақал-мәтелдерді талдатса, оқушылардың жалпы тіл байлығы мен ой өрнектеуі жылдам дамиды.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдерге негізделген диагностикалық әдістер 5-7-сыныптарда тілдік құзыреттілікті кешенді бағалаудың жаңаша құралы бола алады. Бұл әдістер оқушының тілдік кемшіліктері мен жетістіктерін дәстүрлі емес қырынан көруге көмектеседі. Мұғалімдер үшін әр оқушының бейнелі ойлау деңгейін, сөзді астарлап қолдану икемін аңғарып, соған сай жеке жұмыс жоспарлауына пайдалы ақпарат береді. Сондай-ақ ұлттық тәрбиемен ұштастырып, оқушыларды халық мұрасынан үйренуге баулиды.

Алдағы уақытта осындай әдістемелерді білім беру жүйесінде кеңірек қолданып, олардың тиімділігін түрлі жағдайларда сынақтан өткізу қажет. Мақал-мәтелдер — бабалар сөзінен қалған бай мұра, оны оқыту мен бағалауда шығармашылықпен пайдалану оқушыға да, ұстазға да берері мол. Тілдік құзыреттілікті дамыту мен бағалауда мақал-мәтелдердің әлеуеті жоғары, оны ғылыми-педагогикалық тұрғыда әрі қарай зерттеп, практикаға енгізу — құзыретті ұрпақ тәрбиелеуге қызмет етпек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бастрикова Е.М. Коммуникативная компетенция как лингводидактический феномен / Е.М. Бастрикова // Русская и сопоставительная филология: Лингвокультурологический аспект. — Казань: Казан. гос. ун-т, 2004. — С. 43–48.
- 2 Salikhova S. Specific features of proverbs in language teaching / S. Salikhova // XLinguae. — 2024. — Vol. 17, No. 2. — P. 293–302. DOI: 10.18355/XL.2024.17.02.20
- 3 Исаева Ж.И. Дүниенің паремиялогиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспекті): филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. / Ж.И. Исаева. — Алматы, 2007. — 15 б.
- 4 Ybyshova S. Teach proverbs in the kazakh language class innovative technologies / S. Ybyshova // Eurasian Science Review. — 2024. — Vol. 2, No. 6. — P. 350–361. DOI: 10.63034/esr-145
- 5 Inogamova N.A. The Significance of Proverbs and Sayings in Enhancing Pragmatic Competence / N.A. Inogamova // Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture. — 2024. — Vol. 5, No. 5. — P. 209–212. DOI: 10.51699/cajlp.v5i5
- 6 Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению / Е.И. Пассов. — М.: Рус. яз., 1989. — 276 с.
- 7 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: монография / Ф. Оразбаева. — Алматы: Ан Арыс, 2019. — 584 б.
- 8 Крогиус А.А. Вюрцбургская школа экспериментального исследования / А.А. Крогиус // Новые идеи философии. XVI. — СПб: Образование, 1914. — С. 1–159.
- 9 Арестова О.Н. Аффективные искажения в понимании пословиц / О.Н. Арестова // Вопросы психологии. — 2006. — № 1. — С. 83–93.
- 10 Зейгарник Б.В. Патопсихология / Б.В. Зейгарник. — М.: Академия, 2007. — 208 с.
- 11 Рубинштейн С.Я. Экспериментальные методики патопсихологии и опыт применения их в клинике: учебное пособие / С.Я. Рубинштейн. — М.: Апрель-Пресс, 2010. — 220 с.
- 12 Nippold M.A. Proverb comprehension in context: a developmental study with children and adolescents / M.A. Nippold // Journal of Speech, Language, and Hearing Research. — 1988. — Vol. 31, No. 1. — P. 19–28. DOI: 10.1044/jshr.3101.19

- 13 Пермяков Г.Л. К вопросу о паремиологическом минимуме / Г.Л. Пермяков // *Паремиологические исследования*. — М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1984. — С. 262–263.
- 14 Адамбаев Б. Халық даналығы. Қазақ мақал-мәтелдері мен шешендік сөздері / Б. Адамбаев. — Алматы: Мектеп, 1976. — 161 б.
- 15 Hymes D.H. On Communicative Competence / D.H. Hymes // *Sociolinguistics: Selected Readings* / ed. J.B. Pride, J. Holmes. — Harmondsworth: Penguin, 1972. — P. 269–293.
- 16 Savignon S.J. Communicative Language Teaching: Linguistic Theory and Classroom Practice / S.J. Savignon // *Interpreting Communicative Language Teaching: Contexts and Concerns in Teacher Education* / ed. S.J. Savignon. — New Haven, CT: Yale University Press, 2002. — P. 1–28.
- 17 Grice H.P. Logic and Conversation / H.P. Grice // *Syntax and Semantics. Vol. 3: Speech Acts* / ed. P. Cole, J.L. Morgan. — New York: Academic Press, 1975. — P. 41–58.
- 18 Sperber D. Relevance: Communication and Cognition / D. Sperber, D. Wilson. — Oxford: Blackwell, 1995. — 326 p.
- 19 Resnick D.A. Developmental Study of Proverb Comprehension / D.A. Resnick // *Journal of Psycholinguistic Research*. — 1982. — Vol. 11, No. 5. — P. 521–538. DOI: 10.1007/BF01067497

Э.Б. Сулейманова, Р.С. Рахметова

Диагностические методы оценки языковой компетентности учащихся на основе пословиц

В статье рассматривается проблема научно обоснованной оценки языковой компетентности учащихся основной школы. Поскольку традиционные методы измеряют преимущественно формальные аспекты языка, такие способности, как распознавание переносного смысла, прагматическая соотнесённость и усвоение культурных значений, остаются вне поля оценивания. Цель исследования — сконструировать диагностический метод на основе пословиц и описать его чувствительность к возрастным различиям, эффекту контекстной поддержки и влиянию краткосрочной педагогической интервенции. В эмпирической части применялся квазиэкспериментальный дизайн pre-post; использовались пять форм заданий на материале пословиц, отобранных в соответствии с учебной программой (интерпретация своими словами, соотнесение с ситуацией, завершение формулы, семантическая альтернатива, творческое письмо); осуществлялось рубрикаторное оценивание и «слепая» проверка экспертами; проведены качественный контент-анализ и разработка типологии ошибок. Результаты показывают, что по мере повышения класса устойчиво укрепляются навыки выявления переносного значения, прагматической адекватности и восстановления формульных единиц; при предъявлении заданий с контекстом понимание заметно улучшается, особенно у младших учащихся; к типичным трудностям относятся буквальная интерпретация, паремиологические подмены и незавершённость формульной структуры. Короткие, но регулярные микроблоки (совместное раскрытие смысла, ситуативное применение, рефлексивная обратная связь) усиливают продуктивное использование паремиологического материала. Следовательно, диагностика на основе пословиц представляет собой культурно чувствительный и интервенционно отзывчивый инструмент, позволяющий одновременно оценивать семантическое понимание, прагматическое применение и фразеологический репертуар; её системное внедрение создаёт условия для комплексного развития языковой компетентности.

Ключевые слова: пословица, язык, языковая компетентность, прагматическая компетентность, фразеологический репертуар, диагностическое оценивание, pre-post дизайн, интервенция.

E.B. Suleimanova, R.S. Rakhmetova

Diagnostic methods based on proverbs for the assessment of students' linguistic competence

The article explores the scientific assessment of lower-secondary students' linguistic competence, focusing on abilities often overlooked by traditional methods, such as interpreting figurative meaning, achieving pragmatic appropriateness, and recognizing culturally embedded meanings. The study aims to design a diagnostic method using proverbs and to evaluate its sensitivity to age-related differences, contextual scaffolding, and short-term pedagogical intervention. A quasi-experimental pre-post design was applied with five task formats based on Kazakh proverbs: interpretation, situational matching, completion of a formula, semantic equivalence, and short creative writing. Assessment used rubric-based scoring with blind expert double-marking, supported by qualitative content analysis and an error typology. Findings show a steady improvement in figurative inference, pragmatic fit, and formula reconstruction as grade level rises. Contextual support notably facilitated comprehension, particularly for younger students. Three recurrent difficulties emerged: literal interpretation, paremiological confusion (mixing similar proverbs), and failure to complete formulaic structures. Short but regular micro-blocks involving meaning unpacking, situational use, and reflective feedback enhanced productive application. Thus, proverb-based diagnostics prove to be a culturally responsive, inter-

vention-sensitive tool that simultaneously measures semantic understanding, pragmatic competence, and phraseological repertoire, supporting comprehensive linguistic development.

Keywords: proverbs, language, linguistic competence, pragmatic competence, phraseological repertoire, diagnostic assessment, pre-post design, intervention.

References

- 1 Bastrikova, E.M. (2004). Kommunikativnaia kompetentsiia kak lingvodidakticheskii fenomen [Communicative competence as a linguodidactic phenomenon]. *Russkaia i sopostavitelnaia filologiya: Lingvokulturologicheskii aspekt — Russian and Comparative Philology: Linguoculturological Aspect*, 43–48 [in Russian].
- 2 Salikhova, S. (2024). Specific features of proverbs in language teaching. *XLinguae*, 17 (2), 293–302. DOI: 10.18355/XL.2024.17.02.20
- 3 Isaeva, Zh.I. (2007). Dunienin paremiologialyq beinesi (lingvoadeniattanyndyq aspekti) [Paremiological image of the world (linguocultural aspect)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 4 Ybyshova, S. (2024). Teach proverbs in the kazakh language class innovative technologies. *Eurasian Science Review*, 2 (6), 350–361. DOI: 10.63034/esr-145
- 5 Inogamova, N.A. (2024). The Significance of Proverbs and Sayings in Enhancing Pragmatic Competence. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 5 (5), 209–212. DOI: 10.51699/cajlp.v5i5
- 6 Passov, E.I. (1989). *Osnovy kommunikativnoi metodiki obuchenii inoazychnomu obshcheniiu* [Fundamentals of the communicative methodology of teaching foreign language communication]. Moscow: Russkii yazyk [in Russian].
- 7 Orazbaeva, F. (2019). *Tildik qatynas: monografiia* [Linguistic communication: monograph]. Almaty: An Arys [in Kazakh].
- 8 Krogus, A.A. (1914). Viurtsburgskaia shkola eksperimentalnogo issledovaniia [Würzburg school of experimental research]. *Novye idei filosofii. XVI — New Ideas in Philosophy. XVI*, 1–159 [in Russian].
- 9 Arestova, O.N. (2006). Affektivnye iskazheniia v ponimani poslovits [Affective distortions in the understanding of proverbs]. *Voprosy psikhologii — Voprosy Psychologii*, 1, 83–93 [in Russian].
- 10 Zeigarnik, B.V. (2007). *Patopsikhologiia* [Pathopsychology]. Moscow: Akademiia [in Russian].
- 11 Rubinshtein, S.Ya. (2010). *Eksperimentalnye metodiki patopsikholologii i opyt primeneniia ikh v klinike: uchebnoe posobie* [Experimental methods of pathopsychology and experience of their application in the clinic: a textbook]. Moscow: Aprel-Press [in Russian].
- 12 Nippold, M.A. (1988). Proverb comprehension in context: a developmental study with children and adolescents. *Journal of Speech, Language, and Hearing Research*, 31 (1), 19–28. DOI: 10.1044/jshr.3101.19
- 13 Permiakov, G.L. (1984). K voprosu o paremiologicheskom minimume [On the issue of the paremiological minimum]. *Paremiologicheskie issledovaniia — Paremiological Studies* (pp. 262–263). Moscow: Nauka, Glavnaia redaktsiia vostochnoi literatury [in Russian].
- 14 Adambayev, B. (1976). *Khalyq danalygy. Qazaq maqal-matelder men sheshendik sozderi* [Folk wisdom. Kazakh proverbs, sayings and oratory]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 15 Hymes, D.H. (1972). On Communicative Competence. *Sociolinguistics: Selected Readings* (pp. 269–293). J.B. Pride, J. Holmes (Eds.). Harmondsworth: Penguin.
- 16 Savignon, S.J. (2002). Communicative Language Teaching: Linguistic Theory and Classroom Practice. *Interpreting Communicative Language Teaching: Contexts and Concerns in Teacher Education* (pp. 1–28). New Haven, CT: Yale University Press.
- 17 Grice, H.P. (1975). Logic and Conversation. *Syntax and Semantics. Vol. 3.* (pp. 41–58). P. Cole, J.L. Morgan (Eds.). New York: Academic Press.
- 18 Sperber, D., & Wilson, D. (1995). *Relevance: Communication and Cognition*. Oxford: Blackwell.
- 19 Resnick, D.A. (1982). Developmental Study of Proverb Comprehension. *Journal of Psycholinguistic Research*, 11 (5), 521–538. DOI: 10.1007/BF01067497

Information about the authors

Suleimanova E.B. (contact person) — PhD Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: elmirakaz99@mail.ru, ORCID ID: 0009-0005-3883-1111

Rakhmetova R.S. — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty Kazakhstan; e-mail: raigul.67@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-8526-3381